

Түркістан облысы, Келес ауданы
№1 Омар Есімов атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Мейірімділік – асыл қасиет.

Сынып жетекшісі: А.Рахимова

Сыныбы: 1 «Г»

2021-2022 оқу жылы

Сабақ тақырыбы: Мейірімділік-асыл қасиет

Мақсаты: Оқушыларды мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;
- өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту;
- мейірбандылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Әдісі: Түсіндіру, сұрақ –жауап, әңгімелеу.

Көрнекі құралдар: Шар, суреттер, кеспе қағаздар;

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

- оқушылардың назарын сабаққа аударту;
- психологиялық дайындық;
- шаттық шеңбері, сәлемдесу.

Мұғалім:

-Саламатсыздар ма құрметті оқушылар және ұстаздар! Бүгінгі біздің тәрбие сағатын «Мейірімділік-асыл қасиет» тақырыбында өтеміз. Сабағымызды бастау үшін менің сөздерімді қайталаңдар.

Мұғалім:

-Қуанамын мен де, (өзін көрсетеді)

Қуанасың сен де, (көршісін көрсетеді)

Қуанайық достарым, (қолдарынан ұстайды)

Арайлап атқан күнге. (қолдарын көтереді)

Мұғалім:

-Балалар бір-бірімізге ризашылығымызды білдіріп қол соғып қояйық.

Жаңа сабақ:

-Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы «Мейірімділік-асыл қасиет», Біз бүгінгі сабақта адамның жақсы қасиеттерінің бірі мейірімділік туралы әңгімелесеміз. Адамдардың бір-біріне деген мейір шапағаты -әдептілік белгісі, сол туралы білеміз.

-Балалар сендер мейірімділік дегенді қалай түсінесіңдер?

(балалар жауабы)